

**8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау
(6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Онтуганова Шынар Шералиевнаның «Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш
мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту» тақырыбындағы диссертациясына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация <u>Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>8D013-Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Онтуганова Ш.Ш. «Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР бірқатар заңдық құжаттары мен мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес келеді. Атап айтқанда: ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары, ҚР Үкіметінің 2021 жылғы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы.</p> <p>Ш.Ш.Онтуганованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес.</p> <p>Сонымен қатар зерттеу жұмысы мемлекет қаржыландыратын:</p> <p>8. Білім және ғылым саласындағы зерттеулер.</p> <p>8.1. ХХІ ғасырдағы білім, ғылым, мәдениет және спорт проблемаларын іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеу.</p> <p>8.1.1 Ғылым және технологиялар саласындағы зерттеулерді дамытудың өзекті мәселелері. сияқты нысаналы бағдарламалар идеясына сәйкестігімен сипатталады.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Зерттеу жұмысы бастауыш білім беру ғылымының дамуына <i>айтарлықтай үлес қосады</i> . Себебі, автор мәселеге қатысты ғылыми ойларды жүйелей келе, зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындап, педагогикалық мүмкіндіктерін анықтап, құрылымдық-мазмұндық моделін құрастырып, әдістемелік жүйесін жасаған. Осылайша зерттеу жұмысының <i>маңыздылығы ашылған</i> .
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі <i>жоғары</i> . Оған жұмыстың ғылыми стилінен; ғылыми әдебиеттерге, негізгі ұғымдарға жасаған жан-жақты талдауы мен өзіндік тұжырымдардың жасалуы; диссертацияның мазмұнының баяндалуындағы бірізділік пен тығыз байланыстары дәлел бола алады.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Ш.Ш.Онтуганованың диссертациялық жұмысының өзектілігі қазіргі қоғам сұранысына орай оқушыларда білім - біліктер жиынтығын қалыптастырумен ғана шектелмей олардың белсенділігін, шығармашылығын дамыту міндетінің қойылуымен, осыған орай пәндерді оқытуда логикалық амал-тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы бастауыш мектеп жасынан бастап ойы мен тілі дамыған тұлғаларды қалыптастыру турасындағы философия, психология мен педагогика саласындағы еңбектерге талдау жасау тұрғысынан <i>негізделген</i>.</p> <p>Кіріспеден, 3 тараудан, 9 параграфтан, қорытынды мен әдебиеттер тізімінен тұратын жұмыс мазмұны диссертация тақырыбын <i>толық айқындайды</i>.</p> <p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына <i>сәйкес</i> келеді. Жұмыстың мақсаты 4 міндет арқылы жүзеге асқан. <i>1-міндетке сәйкес</i> бастауыш білім беру жүйесінде логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалса,</p>

			<p>2-міндетте «логикалық амал-тәсілдер», «ой мен тілді дамыта оқыту» ұғымдарының мазмұны нақтыланып, құрылымы анықталған.</p> <p>3-міндетте құрастырылған логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әдіснамалық міндетке сәйкес келеді.</p> <p>Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың әдістемелік жүйесінің дайындалып, тәжірибелік-экспериментте тексеру барысында алынған он нәтижелер мен жасалған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар 4 міндетке сәйкес келіп мақсатқа жеткендікті дәлелдейді..</p> <p>Алынған нәтижелер диссертанттың міндеттерді толық жүзеге асыра алғандығын көрсетеді және дәлелділігі мен сенімділігін растайды.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық тараулары мен параграфтары ғылыми түрде тұжырымдалған, құрылысы логикалық тұрғыда <i>толық байланысқан</i> және ішкі бірлігі сақталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертант зерттеу мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді <i>сыни талдай алған</i>. Зерттеу мәселесінің бұрын белгілі шешімдерін сыни тұрғыда талдай келе, автор логикалық тұрғыдан бағалаған жаңа шешімдерді ұсынады. Диссертанттың жұмыстағы келтірілетін ой пікірлер мен тұжырымдарға баға бере алуы, оларға өзіндік түйіндеме жасай білуі, салыстыру негізінде сыни бағалай алуы зерттеуші ретінде өзіндік ғылыми ұстанымының қалыптасқандығын байқатады. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің алғашқы бар деңгейі мен қорытындыдағы көрсеткіштерін сандық және сапалық салыстыруда автордың сыни талдауы мен бағалауы жұмыстың шынайылығын көрсетеді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?	<p>Диссертант логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта</p>

	<p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>оқыту мәселесін зерттеу барысында теориялық және практикалық тұрғыда маңызды болып табылатын ғылыми нәтижелер алған және олар <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p> <p><i>1-нәтиженің жаңалығы</i> логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытуға қатысты философиялық, психологиялық педагогикалық еңбектерді зерделеу негізінде зерттеу мәселесінің теориялық және әдіснамалық тұғырларының айқындалуымен негізделеді.</p> <p><i>2-нәтиже жаңа себебі</i> осы жұмыста «логикалық амал-тәсілдер», «ой мен тілді дамыта оқыту» ұғымдарының мазмұнын нақтыланып, құрылымы айқындалған. Бұл мәселеде нәтижеге жетуге ықпал ететін педагогикалық мүмкіндіктер анықталған.</p> <p><i>3-нәтиже</i> логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту үдерісінің өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделінің осы жұмыста жасалуына байланысты <i>жаңа</i> болып табылады.</p> <p><i>4-нәтиженің жаңалығы</i> - бастауыш білім беру жүйесінде логикалық амал-тәсілдер арқылы оқушылардың ойы мен тілін дамыта оқытудың әдістемелік жүйесі жасалынып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыста дәлелденуімен негізделеді.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ш.Ш.Онтуганованың диссертациялық жұмысы бойынша жасалған қорытындылар <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың қорытындыларын <i>теориялық, әдіснамалық және тәжірибелік</i> деп топтастырдық.</p> <p><i>1 - теориялық</i> деңгейдегі қорытынды - мәселеге қатысты еңбектерге жасалған талдаулар негізінде «логикалық амал-тәсілдер», «ой мен тілді дамыта оқыту ұғымдарының мәнінің нақтыланып, өзіндік интерпретация жасалуы ретінде алынып отырған автордың 1-</p>

			<p>қорытындысын <i>жаңа</i> деп тануға болады.</p> <p>2 - <i>әдіснамалық деңгейде</i> бастауыш мектептің педагогикалық үрдісінде жүйелілік, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлық, субъективтілік тұғырларын басшылыққа ала отырып, оқушылардың ойы мен тілін дамыта оқытуды нәтижелі ететін құрылымдық - мазмұндық моделінің алғаш жасалуы турасындағы қорытынды <i>толығымен жаңа</i> екендігін дәлелдейді</p> <p>3- <i>практикалық қорытындыға жататын</i> тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың 3-сынып үшін факультатив ретінде арнайы әзірленген тапсырмалар мен жаттығулар кешені мен мұғалімдерге арналған семинар жұмысының бағдарламасы <i>толығымен жаңа</i> болып саналады.</p> <p>Зерттеудің теориялық тұжырымдары мен ұсыныстарын жоғары оқу орнында, біліктілікті арттыру жүйесінде қолдануға болады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <i>толығымен жаңа</i>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автордың ұсынған логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың ғылыми-тәжірибелік негізі <i>толығымен жаңа</i> және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге <i>негізделген</i> және тәжірибелік-эксперимент арқылы дәйектелген.</p> <p>Зерттеу қорытындыларының негізділігі теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық, педагогикалық және психологиялық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттеріне жарамдылығымен, зерттеудің теориялық</p>

			және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімімен қамтамасыз етілген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері автордың 6 жарияланамында көрініс тапқан. Scopus базасы тізіміндегі журналдарда – 1 (33 процентиль). ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда – 3, 1 ҚР және шетелде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, 1 ғылыми журналда, бастауыш сынып оқушыларына арналған қосымша білім беру сабақтар жүйесі мен 1 оқу-әдістемелік құралы жарияланған.</p> <p><i>Бірінші қағида</i> бойынша бастауыш сыныптарда алғаш рет қарастырылып отырған логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытуда негізгі ұғымдардың мәнін философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан талдау негізінде нақтылау, оның ішкі мазмұндық құрылымын анықтау зерттеу қарастырып отырған мәселені тиімді шешуге негіз бола алады.</p> <p>Қағида <i>дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа</i> білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы <i>кең</i> және «Determining logical teaching methods and techniques for primary schoolchildren’s thought and language development» (Cypriot Journal of Educational Sciences; Current Issues, 17(4), 1051–1065. May 31, 2022/ Scopus Q3) атты мақаласында дәлелденген.</p> <p><i>Екінші қағида</i> бойынша «логикалық амал-тәсілдер», «ой мен тілді дамыта оқыту» ұғымдарының мәні нақтыланып, оларды жүзеге асырудың педагогикалық мүмкіндіктері <i>дәлелденген, тривиалды емес, жаңа</i>, алдағы уақытта қолданылу ауқымы <i>кең</i>. «Оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру және тапсырмалардың маңыздылығына талдау» атты («Қазақстанның педагогикалық ғылымдары академиясының Хабаршысы» ғылыми</p>


			<p>журналы. №6(98), 2020, 75-876) мақаласында дәлелденді.</p> <p>Үшінші қағида бойынша логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуымен дәлелденген және негізделген, <i>тривиалды емес, тәжірибеде қолданылу деңгейі кең, жаңа боп саналады.</i> «Диалогтық оқыту арқылы бастауыш сынып оқушыларының тіл меңгерту және ойлау дағдыларын дамыту» атты («Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналы. Педагогика сериясы №3 (38) 2020 Астана. 378-383б) мақаласында дәлелденген.</p> <p>Төртінші қағида бойынша логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың әдістемелік жүйесі жасалып, «Логикалық сауаттылық» атты қосымша білім беру сабақтар жүйесі мен «Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың негіздері» атты оқу-әдістемелік құралының шығуы арқылы дәлелденген және негізделген, <i>тривиалды емес, қолданылу аясы кең,</i> «Оқушылардың логикалық ұғымын қалыптастырудың амал-тәсілдері» атты («Торайғыров университеті хабаршысы» ғылыми журналы педагогика сериясы, №3, 2020, 388-397 бет) мақаласында дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u></p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау</p>	<p>Зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың жиынтығы ретінде <i>нақты жазылған.</i></p> <p>Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені қолданылған. Эксперименттік зерттеуде алынған мәліметтер сандық талдау және нәтижелерді өңдеудің математикалық әдістерін қолдану арқылы алынған. Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің</p>

		әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау жасалған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектебі» КММ және Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Ататүрік атындағы №4 мектеп лицейі» КММ базасында жүргізілген, эксперименттік зерттеулерде <i>дәлелденген және расталған.</i>
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын өзекті және сенімді дереккөздер саны – 176.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының <i>теориялық маңыздылығы</i> бар. Себебі: осы еңбекте қолданылатын «логикалық амал-тәсілдер», «ой мен тілді дамыта оқыту» ұғымдарының мазмұнын нақтыланып, құрылымы айқындалған, зерттеушінің берген өзіндік анықтамасымен толықтырылған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның <i>практикалық маңызы бар</i> . Өйткені, логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың 3-сынып үшін 34 сағаттан тұратын тапсырмалар мен жаттығулар кешенінен тұратын факультативті сабақ бағдарламасы, мұғалімдер үшін 24 сағаттық арнайы семинар бағдарламасы әзірленген. Оларды практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.

		1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертант жұмысты академиялық жазу ерекшеліктеріне сай, ғылыми стильді басшылыққа алып жазған. Диссертациялық жұмыстың құрылымын ресімдеу белгіленген талаптарға сәйкес орындалған. Жазу сапасы <i>жоғары</i> .

Қорытынды: Онтуганова Шынар Шералиевнаның «Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын дербес орындалған, аяқталған, «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарын сай орындалған жұмыс деп санап оның авторын 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент,
п.ғ.д., профессор



Б.А.Тургунбаева